

FTAMP 64.33.71

А.Ш. Амангелдиева¹ – негізгі автор, | ©
Л.С. Тұрғынбекқызы²



¹Магистр, ²Техн. ғылым. канд., PhD, қауымдас. профессор

ORCID

¹<https://orcid.org/0009-0008-2579-1722> ²<https://orcid.org/0000-0001-7268-7620>



^{1,2}Алматы технологиялық университеті,



Алматы, Қазақстан



¹Asamangeldieva@gmail.com

<https://doi.org/10.55956/CJIX3259>

ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫН ТАҢДАУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҮЛГІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада орта мектеп жасындағы қыздарға арналған мектеп формасын жобалау кезінде бастапқы талаптарды әзірлеуге әсер ететін негізгі факторлар қарастырылады. Қазақстандағы кәсіпорындарда шығарылатын мектеп формасының сапасына қанағаттанбаудың басты себептері – оның гигиеналық және эргономикалық талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ орта мектеп жасындағы қыздардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы және мектеп формасының жеке стилін қалыптастыруға қатысуы. Орта мектеп жасы – балалықтан жастыққа өтпелі кезең, ол организмнің терең қайта құрылуымен, жеке және әлеуметтік құндылықтардың өзгеруімен сипатталады, бұл қыздардың жеке имиджін жасауға деген ұмтылысында айқын көрінеді. Осыған байланысты зерттеу барысында жасөспірім қыздардың мектеп формасына қойылатын эстетикалық, функционалдық және имидждік талаптары онлайн сауалнама арқылы анықталды. Сауалнама нәтижелері негізінде мектеп формасының стилі, түстік шешімі және комплектациясы жүйеленді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нарығында ұсынылған мектеп формасына арналған мата үлгілерінің органолептикалық, микроскопиялық және физика-механикалық қасиеттері зерттелді. Алынған нәтижелер мектеп формасын жобалау кезінде материалдар мен конструктивтік шешімдерді ғылыми негізде таңдауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: мектеп формасы, орта мектеп жасы, мектеп оқушыларының мінез-құлық сипаттамалары, жасөспірім кезеңі, жасөспірім жасы, имидж, жеке стиль.



Амангелдиева, А.Ш. Орта мектеп жасындағы қыздардың мектеп формасын таңдауына әсер ететін факторларды талдау [Мәтін] / А.Ш. Амангелдиева, Л.С. Тұрғынбекқызы // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.272-282. <https://doi.org/10.55956/CJIX3259>

Кіріспе. Қазіргі заманда білім беру жүйесінде оқушылардың сыртқы келбеті мен киім ыңғайлылығы маңызды рөл атқарады. Мектеп формасы – бұл тек сыртқы көрініс емес, сонымен қатар оқушылардың жайлылығы мен денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды элемент. Мектепке арналған киімнің негізгі міндеті – балалардың физикалық және моральдық денсаулығын сақтау. Баланың денесінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін

әдемі және ыңғайлы мектеп киімдері баланың мектеп өміріне сәтті бейімделуіне, жақсы оқу үлгеріміне ықпал етеді. Көптеген мектептерде ұсынылатын стандартты киім үлгілері баланың жас ерекшеліктерін, дене бітімі мен белсенді қозғалыс қажеттілігін ескере бермейді. Мұндай формалар оқушының сабаққа деген қызығушылығын төмендетіп, өзін еркін сезінуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мектеп формасы тек бірыңғай киім ретінде емес, баланың күнделікті өмірінің бір бөлігі ретінде қарастырылуы қажет. Оған қоса, тұтынушының талғамы мен нарық сұранысы да өзгеріп келеді. Ата-аналар мен оқушылар ыңғайлы, заманауи, әрі сапалы киім талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп формасына қойылатын жаңа талаптар – оны қауіпсіз, қолайлы, эстетикалық жағынан тартымды әрі әр оқушының дене ерекшелігіне бейімделетін үлгіде дайындауды қажет етеді.

Көптеген зерттеушілер бүгінгі күні мектеп формасын жасау бойынша ақпаратты құрылымдаудың біртұтас принциптерінің жоқтығын атап өтеді [1]. Осылайша, Каяшева О.Г. еңбегінде әр түрлі жыныс пен жас топтарындағы оқушылардың дамуының ерекшеліктері психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерді талдау негізінде, мектеп формасын жобалауда жыныстық және жас топтарына жеке көзқарас қолданудың перспективтілігін негіздейді [2].

Юсупова Ж.А. мен Мациевская Ю.А. мектеп киімін жобалау балалардың жас ерекшеліктерін, киімді тұтыну сипаттарын және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескеруді талап ететін күрделі үдеріс екенін атап өтеді [3,4]. Авторлардың пікірінше, мектеп формасы – оқушылардың әртүрлі пайдалану жағдайларында жайлылықты, функционалдылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған көпфункционалды объект болып табылады. Осы зерттеуде мақсатты тұтынушы ретінде 5-9 сынып оқушылары – орта мектеп жасындағы қыздар қарастырылды. Мәселе екі бағытта зерттелді: біріншіден, орта мектеп жасындағы қыздардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері психологтардың еңбектері негізінде талданды; екіншіден, мектеп формасына қатысты олардың талғамдары мен талаптарын анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. Психологтардың пікірінше, орта мектеп жасы – балалық шақтан жастық кезеңге өтпелі кезең болып табылады және ол бүкіл организмнің қарқынды қайта құрылуымен сипатталады. Бұл кезеңде оқушыларда балалық пен ересектікке тән белгілер қатар байқалып, тұлғалық қасиеттер әлі қалыптасу сатысында болады. Осыған байланысты жасөспірімдер «жартылай бала, жартылай ересек» ретінде сипатталады. Жартылай ересек ретінде жасөспірім физикалық және рухани қажеттіліктердің жедел өсуін сезінсе, жартылай бала ретінде оларды толық қанағаттандыруға өмірлік тәжірибесі мен мүмкіндіктері жеткіліксіз болады. Бұл жағдай жасөспірімдердің мінез-құлқы мен әрекеттеріндегі қарама-қайшылықтарды түсіндіреді және аталған жас кезеңін тәрбиелеу мен жобалау тұрғысынан күрделі кезең ретінде қарастыруға негіз болады. Белгілі бір даму сатысында бала өзінің қоғамдағы бұрынғы орны мен мүмкіндіктері арасында сәйкессіздікті сезініп, оны өзгертуге ұмтылады. Осы ішкі қайшылықтар баланың әрекеттерінің қайта құрылуына және психикалық дамудың жаңа кезеңіне өтуіне себеп болады.

Ушаков Л.Д. өз зерттеулерінде өзін-өзі тану деңгейінің жоғарылауы «Мен қоғамға» деген жалпы ұстанымның «Мен қоғамда» және «Мен және қоғам» сияқты өзара алмасатын екі позицияға ауысуымен байланысты екенін анықтаған [5]. Автор жасөспірімдік кезеңнің дамуында үш негізгі сатыны бөліп көрсетеді:

– локалды-капризді кезең (10-11 жас) – ересектер тарапынан мойындалуға деген қажеттіліктің басымдығымен сипатталады;

– «құқық-маңызды» кезең (12-13 жас) – әлеуметтік мойындауға ұмтылумен байланысты болып, «мен де құқықтымын, мен істей аламын, мен міндеттімін» деген вербалды формалар арқылы көрініс табады;

– «бекіту-әрекетті» кезең (14-15 жас) – өзін көрсетуге және жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруға дайындықпен айқындалады.

Қазіргі уақытта Коблякова Е.Б., Бескоровайна Г.П., Тихонова Т.П., Шамухитдинова Л.Ш., Лукашева И.А., Юсупова Ж.А. және басқа да мамандардың балалар киімдерін жобалау процесін, тұтынушылар нарығын маркетингтік зерттеу әдістерін жетілдіруге және мектеп киімдерінің ассортименттік коллекцияларын қалыптастыру процесін автоматтандыруға арналған жұмыстары белгілі. Дегенмен, мектеп жасындағы балаларға арналған киімдерді жобалау кезінде шешілуі қажет бірқатар мәселелер оны нақтылауды және одан әрі дамытуды талап етеді. Мектеп оқушыларының ұтымды жиынтығын, дизайнын және сыртқы түрін жобалау кезінде қоршаған ортаның табиғи және әлеуметтік факторларын кешенді есепке алу мәселелері өзекті болып қала береді.

Бұл зерттеу жұмысы орта мектеп жасындағы қыз балалардың мектеп формасын таңдаудағы шешіміне әсер ететін факторларды кешенді түрде талдай отырып, олардың физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және эстетикалық қажеттіліктерінің өзара байланысын ғылыми негізде сипаттайды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – мектеп формасын жобалау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, маркетингтік талдау мен клиенттердің пікірлеріне сүйене отырып, эстетика мен эргономика талаптарын тоғыстыратын киім үлгісін жасау.

Зерттеудің алғашқы кезеңі бойынша орта топтағы, яғни 10-14 жастағы қыздарда гормондық өзгерістер айқын пайда болады. Пубертат кезеңінде қыздарда эстрогендерді өндіру жанданады, бұл:

- май қабатының ұлғаюы (әсіресе сан және кеуде бөлігінде);
- күйдің өзгеруі (сүт бездерінің өсуіне байланысты белдегі майысу);
- жоғары терлілік (апокрин бездерінің гиперактивтілігі)7

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуы қарқынды түрде жеделдеуде, бұл құбылыс акселерация (латынша acceleration – жылдамдау) деп аталады. «Акселерация» термині балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жеделдеуін, сондай-ақ ересектердің дене өлшемдерінің ұлғаюын білдіреді.

Эргономикалық киімді жобалаудың екінші кезеңінде тұтынушының қызмет түрін анықтау қажет, өйткені әрбір кәсіби сала киімге өзіндік арнайы талаптар қояды және бұл талаптар жобалау барысында міндетті түрде ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, қоршаған орта жағдайлары мен олардың адамның қимыл-қозғалысына тигізетін әсерін зерттеу де маңызды. Бұл факторлар эргономикалық көрсеткіштерге тікелей ықпал етіп, киімнің қолайлылығы мен тиімділігін айқындайды. Рационалды конструкцияны жасау үшін киімнің пайдалану жағдайларын талдау негізінде дененің өлшемдік сипаттамаларын өзгертуге ең көп әсер ететін тән қозғалыстарды анықтау және сәйкесінше конструкция бөлшектерінің формасын белгілеу қажет [6]. Антропометриялық және антроподинамикалық деректерді жинау қазіргі таңда 3D сканерлеу жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технология

виртуалды ортада адам қозғалысын модельдеуге, сондай-ақ статикалық және динамикалық жағдайда фигураның өлшемдік параметрлерінің кең спектрін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Осы ғылыми жұмыста орта жас тобындағы қыз балаларға арналған мектеп формасын зерттеу барысында тек сыртқы сәні мен сымбаты ғана емес, ең алдымен баланың дене дамуы мен қозғалысына ыңғайлылығы, эргономикалық және қауіпсіздік талаптары ескерілген киім үлгісін әзірлеу мәселелері қарастырылды. Осыған байланысты жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары.

Зерттеудің мақсаты – орта жас тобындағы қыз балаларға арналған мектеп формаларын жобалаудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау және эксперименталдық үлгілерін жасау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Орта мектеп жасындағы қыздардың мектеп формасын таңдауындағы талғамдары мен оған әсер ететін факторларды зерттеу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Зерттеу жасөспірімдерге арналған брендтік киім нарығының талдауына негізделді [7], өйткені ол сәнді шешімдерді ұсына отырып, жеке ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік береді, алайда бұл жасөспірімдердің киім таңдауын болжамсыз етеді.


Жасөспірімдерді тек мектепте бекітілген киім нұсқаларымен шектеп, олардың пікірін өзгерту әрдайым мүмкін болмағандықтан, зерттеу барысында олардың көзқарастарын ескеру маңызды болды. Мектеп формасын таңдауда негізгі әсер етуші факторлар мыналар болды:

- мектепте стильді киіну қажеттілігі;
- құрбылар арасында танымал сәндік трендтер;
- мектептегі белгілі бір дресскодтың болуы;
- жасөспірімнің өз индивидуалды стилін қабылдауы;
- сапалы брендтік киім киюге деген ниет.








Жасөспірім қыздардың мектеп формасына қатысты стиль, комплектация және басқа сипаттамаларға қойылатын талаптарды жүйелеу мақсатында Алматы қаласындағы бірнеше мектептерде Google Forms платформасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 20 сұрақтан тұрды және қазақ және орыс тілдерінде 100 респондентке бағытталды. Сауалнама сұрақтары мектеп формасына қатысты дәстүрлі мәселелермен қатар, киімнің типтік модельдері, силуэт, кесілу, жағасы, түймелеу, түс және басқа конструктивтік элементтер бойынша әзірленді. Зерттеу нәтижелері 18 сұраққа берілген жауаптар негізінде талданды (1-кесте) [8].

Кесте 1








Онлайн сауалнаманың нәтижелері



1-кестенің жалғасы

2. Төменде келтірілген мектеп формасының қайсысы Сіз үшін ең қолайлы	
	■ 1) мектеп формасы, бірақ мерекелер мен іс-шараларда ол күнделікті формада ерекшеленуі тиіс ■ 2) классикалық киім стилі, бірақ мерекелер мен іс-шараларда бәрі бірдей нысанда болуы тиіс ■ 3) еркін стиль, бірақ мерекелер мен іс-шараларда ол бірдей болуы тиіс
3. Мектеп формасына мектеп нышаны немесе белгісі керек пе?	
	■ 1) иә ■ 2) жоқ ■ 3) білмеймін
4. Мектеп формасы мінез-құлыққа әсер ете ме?	
	■ 1) иә ■ 2) жоқ ■ 3) білмеймін
5. Бірыңғай мектеп формасының қандай түсі сізге ұнайды?	
	■ 1) қара ■ 2) көк ■ 3) сұр ■ 4) аралас ■ 5) ерекше түстер
6. Орта жастағы оқушының формасы қандай және ол қандай элементтердең тұруы тиіс	
	■ 1) жиынтық-үштік: жакет, блузка, юбка, галстук ■ 2) төрт жиынтық: жакет, блузка, юбка, кеудеше, галстук ■ 3) бес жиынтық: жакет, блузка, юбка, кеудеше, шалбар, галстук ■ 4) бес жиынтық: жакет, блузка, юбка, көйлек, шалбар, мойын орамалы ■ 5) жиынтық: сарафан, блузка, поло жейде, галстук
7. Жакет ұзындығын тандаңыз	
	■ 1) бел деңгейінен төмен ұзындық ■ 2) бел деңгейіндегі ұзындық ■ 3) бел сызығына дейін
8. Жакет түрлерін таңдаңыз	
	■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4) 

1-кестенің жалғасы

9. Жакет жеңінін пішінін таңдаңыз	
	■ 1) жеңді қондырып пішу ■ 2) реглан жеңін пішу ■ 3) тұтас жасалған жеңдерді пішу ■ 4) құрама жеңді пішу ■ 5) кең ұзын ■ 6) жіңішке ұзын
10. Қандай жағаларды ұнатасыз	
	■ 1) пиджак ■ 2) шаль ■ 3) тіреу ■ 4) жіңішке лацканы бар ■ 5) кең лацканмен
11. Жакетке арналған ілгекті таңдау, екі нұсқаны таңдаңыз	
	■ 1) бір қаусырмалы ■ 2) қос қаусырмалы ■ 3) жасырын ■ 4) түймеленбеген, еркін жайылған ■ 5) түймелерде ■ 6) ілгектер ■ 7) сыдырма
12. Жакет қалтасындағы ұсыныстар	
	■ 1) рамкаға ресімделген тіліктер ■ 2) парақтармен ресімделген тіліктер ■ 3) клапандармен ресімделген ойықтар ■ 4) үстеме қалталар
13. Блуза түрін таңдаңыз	
	■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4) 
14. Белдемше түрін таңдаңыз	
	■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4)  ■ 5) 
15. Белдемшенің ұзындығын тандаңыз	
	■ 1) тізеден төмен ■ 2) тізеден жоғары ■ 3) тізе деңгейінде

1-кестенің жалғасы

17. Қандай шалбарда сіз өзіңізді ыңғайлы сезінесіз	
	■ 1) классикалық ■ 2) тікелей ■ 3) таңба ■ 4) төменге қарай тарылған ■ 5) кең ■ 6) стрелкамен ■ 7) калталармен
18. Қандай материалдардан киімді қалайсыз	
	■ 1) табиғи мақта-мата маталар ■ 2) табиғи жүн маталар ■ 3) аралас маталар ■ 4) трикотаж жаймалар

Қазақстан Республикасының нарығында мектеп формасын тігуге қолданылатын маталарға жүргізілген зерттеу барысында олардың талшықтық құрамы анықталды. Зерттеу үшін әртүрлі өндірушілерден алынған мектеп формасына арналған нақты мата үлгілері таңдалып, талшықтық құрамын анықтауға бағытталған тауартану-экспертизалық талдаулар жүргізілді. Мектеп формасына арналған мата үлгілерінің сапасы органолептикалық, микроскопиялық және физика-химиялық әдістер арқылы бағаланды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Сауалнама нәтижелері бойынша орта мектеп жасындағы қыздардың таңдауы келесідей болды:

- мектеп формасы болуы тиіс, себебі ол мінез-құлыққа оң әсер етеді, ал мерекелер мен іс-шараларда ол күнделікті киімнен ерекшеленуі керек;
- оны мектептің символы немесе белгісімен безендіруге болады;
- көк түсіне басымдық беріледі;
- комплектациясы бес элементтен тұруы керек: жакет, блузка, белдемше, жилет, шалбар, галстук.

Жакет:

- пиджак түрінде, кіріктірілген жеңдерімен, полуприлиженген силуэтте, екі қатарлы немесе бір қатарлы, түймелер мен ілмектермен жабылатын, астарлы. Астынан алынатын жағасы немесе жеңі бар түрлері мүмкін;

- алдыңғы және артқы бөлігі орташа тігіспен, бүйірлерінде кесілген, белге дейінгі ұзындықта;

- калталары жапсырмалы, клапанмен немесе рамкада;
- жағасы пиджак типіндегі.

Жейде.:

- рубашка тәріздес, қондырылған жеңдерімен, жартылай қынама белді силуэтте, планкасы ілмектер мен түймелермен;

- алдыңғы бойында жапсырмалы калталар;
- артқы жағы иініште;
- тіктемелі -қайырма жағамен;
- жеңі бір тігістен ұзын немесе қысқа манжетте;
- барлық тігістер бойынша 0,1 см-ге дейінгі сәндік тігіс жүргізілген.

Белдемше: Алдыңғы жағында кокеткамен орташа трапециялы, ортасында бір бантикпен, тізеге дейін немесе одан төмен ұзындықта.

Шалбар: Кең, классикалық немесе клеш болуы мүмкін.

Микроскопиялық талдау нәтижесінде барлық үш мата үлгісінде саржалық өрім түрі бар екені анықталды – бұл негізгі және арқау жіптердің жиі ауысуы нәтижесінде пайда болатын қиғаш сызықты өрнек. Беттік әрлеу сипатына байланысты №1 және №3 үлгілер пестроткань болып табылады, яғни түрлі-түсті жіптердің ауысып отыруынан тұрады, ал №2 үлгі біркелкі боялған – матаның барлық беті бір түске боялған.

Талшық құрамын анықтау үшін жану сынамасы мен оптикалық микроскопты қолдану арқылы микроскопиялық әдіс пайдаланылды. Барлық үш үлгінің беті тегіс, түктері жоқ және өрім үлгісі анық көрінеді. №1 және №2 үлгілердің беті күңгірт, жылтырлығы байқалмайды, ал №3 үлгіде жарық түскен кезде жағымды жылтырлық көрінеді. Бұл сыртқы түр сипаттамаларының нәтижелері барлық үлгілерде синтетикалық талшықтардың бар екендігін көрсетеді.

Талшықтық құрамды анықтау барысында жану әдісі қолданылып, жану процесінің сипаты, иісі және қалған қалдықтар зерттелді (2-кесте).

Кесте 2

Талшықтық құрамды анықтау нәтижелері

№	Талшықтың жануы			Күйгеннен кейінгі қалдық түрі	Жанған кездегі иіс
1	Отқа әкелген кезде	Оттың ішінде	Оттан шығарылған кезде		
2	бірден жанады, ерімейді	тез жанады	жануды жалғастыруда	саусақтардың арасында үгілмейтін қою сұр күл	күйген қағаздың иісі
3	бірден жанады, түтіндейді	тез жанады, қара түтін шығады	жануды жалғастыруда	саусақтардың арасында үгілмейтін қара күл	күйген қағаздың иісі
	бүрісіп қалады және жанады	баяу жанады, қара түтін пайда болады	түтіндейді	саусақтардың арасында оңай үгілетін қара түсті қатты түйіршік	күйген мүйіздің иісі

Жану сынамасының нәтижелері бойынша №1 және №2 мата үлгілерінің жану сипаты химиялық талшықтарға – атап айтқанда, вискоза мен полиэфирге – тән белгілермен сәйкес келетіні анықталды. Ал №3 үлгінің жану ерекшеліктері жүн материалына тән сипаттармен ұқсас, бұл аталған үлгіде табиғи талшықтардың, атап айтқанда жүннің бар екенін көрсетеді.

Алайда әртүрлі талшық түрлерінің жану сипатының ұқсастығы және олардың соңғы әрлеу өңдеуіне байланысты өзгеруі мүмкіндігіне байланысты, мұндай әдіспен талшықты нақты анықтау тек болжамды нәтиже береді. Сондықтан зерттеудің дәлдігін арттыру мақсатында әр үлгінің бойлық құрылымы микроскоп арқылы қосымша зерттелді.

Мата үлгілерінің сызықтық өлшемдері мен беткі тығыздығы ГОСТ 3811-72 мемлекеттік стандартына сәйкес анықталды (3-кесте).

Кесте 3

Мата үлгілерінің сызықтық өлшемдері мен беткі тығыздығы

Көрсеткіш	Зерттелетін үлгілер		
	№ 1	№ 2	№ 3
Ұзындығы, м	41,5	41,7	41,5
Ені, см	150	150	140
Беттік тығыздығы, г/м ²	89	87	93

Қорытынды. Маркетингтік зерттеулерді зерттеу негізінде қолданыстағы форманың негізгі кемшіліктері және ең ұтымды көрсеткіштер анықталды, бұл функционалдылықтың композициялық бірлігі, эстетика, құрылымдық параметрлердің оңтайлылығы қағидаттарына негізделген мектеп оқушыларына арналған форма модельдерінің жаңа жинағын жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша, жүргізілген талдау мен анкеталық сауалнама нәтижесінде, бұл мақалада мақсатты тұтынушы – орта мектеп жасындағы қыздар талданды және мектеп формасына қойылатын бастапқы талаптар анықталды. Тұтынушылардың сұранысы мен талаптарын зерттеу – мектеп формасының сапасы мен дизайнына қатысты ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында арнайы сауалнама мен сұхбат жүргізілді. Бұл зерттеу нәтижесінде тұтынушылардың басты талаптары мен қалаулары: киімнің ыңғайлылығы, бағасының қолжетімділігі, көркемдігі мен стандарттарға сәйкестігі екені белгілі болды. Осы мәліметтер болашақтағы мектеп формасын жобалау және жетілдіру барысында маңызды бағдар ретінде қолданылды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мата енінің көрсеткіштері таңбалау белгісінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетіні анықталды. Ал ұзындық өлшемдері техникалық құжаттамаға сәйкес сәл ғана ауытқуға ие. Дегенмен, зерттелген үлгілердің меншікті беткі тығыздығы таңбалаудағы ақпаратпен сәйкес келмейді. Бұл көрсеткіш мата тығыздығына тікелей әсер етіп, бұйымның қолдану мақсатын анықтайды.

Осылайша, жоғарыда аталған әр түрлі матаның әрқайсысы мектеп формасының әр түрлі компоненттерін тігуге арналған. Қорыта айтқанда, бұл маталардың құрамы, массасы, өрімі мен әрлеу түрлері мектеп формасына қойылатын қазіргі заманғы талаптарға толықтай жауап береді. Олар эстетика, жайлылық, беріктік пен күтім жеңілдігі сияқты негізгі қасиеттерді тиімді үйлестіре алады. Ұсынылған мата түрлері мектеп оқушыларының күнделікті киюіне лайықталып таңдалып, олардың қозғалыс белсенділігі мен дене құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып іріктелді. Осы маталар негізінде жобаланған мектеп формасы ұзақ мерзімді тозуға жиі жууға және күнделікті киюге төзімді болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Айкян, Д.А. Исследование рынка тематической школьной формы [Текст] / Д.А. Айкян, М.А. Гусева // Инновационная наука. – 2015. – № 10. – С. 240-241.
2. Каяшева, О.Г. Развитие личностной рефлексии в подростковом и юношеском возрасте : автореф. дис. ... канд. психол. наук: 19.00.01 / О.Г. Каяшева. – М., 2006. – 30 с.
3. Юсупова, Ж.А. Разработка исходной информации для формирования рационального гардероба и ассортимента детской одежды для школьников : автореф. дис. ... канд. техн. наук / Ж.А. Юсупова. – М., 2001. – 27 с.
4. Мациевская Ю.А. Разработка метода эргономического проектирования школьной одежды : автореф. дис. ... канд. техн. наук: 05.19.04 / Ю.А. Мациевская. – М., 2007. – 24 с.

5. Ушакова, Л.Д. Разработка принципов художественного проектирования школьной форменной одежды : автореф. дис. ... канд. техн. наук: 05.19.04 / Л.Д. Ушакова. – М., 2007. – 27 с.
6. Суконцева, Н.Ю. Исследование и разработка технологии комплексного проектирования одежды для школьников: дис. ... канд. техн. наук / Н.Ю. Суконцева. – М., 2003. – 145 с.
7. Модная одежда для подростков 2025: мода, луки и образы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=modnaya-odezhda-dlya-podrostkov-thisyear-moda-luki-i-obrazy.
8. Сауалнама орта жастағы қыздарға арналған мектеп формасын зерделеу бойынша [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdSOfk4WXetcL4A_d6UcSzp0wyac7Qv4IyIKFHjic_HAYNOzw/viewform?usp=header.

Материал редакцияға 31.03.25 түсті, 26.12.25 қабылданды.

А.Ш. Амангелдиева¹, Л.С. Тұрғынбекқызы¹

¹Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ВЫБОР ШКОЛЬНОЙ ФОРМЫ ДЕВОЧКАМИ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА, И ОЦЕНКА СВОЙСТВ ОБРАЗЦОВ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные факторы, влияющие на разработку исходных требований при проектировании школьной формы для девочек среднего школьного возраста. Основными причинами неудовлетворенности качеством школьной формы, выпускаемой предприятиями Казахстана, являются ее несоответствие гигиеническим и эргономическим требованиям, а также отсутствие возможностей для самореализации девочек среднего школьного возраста и их участия в формировании индивидуального стиля школьной формы. Средний школьный возраст является переходным этапом от детства к юности и характеризуется глубокой перестройкой организма, изменением личностных и социальных ценностей, что отчетливо проявляется в стремлении девочек к созданию собственного имиджа. В связи с этим в ходе исследования посредством онлайн-анкетирования были выявлены эстетические, функциональные и имиджевые требования подростков к школьной форме. На основе результатов анкетирования были систематизированы стиль, цветовое решение и комплектация школьной формы. Кроме того, были исследованы органолептические, микроскопические и физико-механические свойства образцов тканей для школьной формы, представленных на рынке Республики Казахстан. Полученные результаты позволяют научно обосновать выбор материалов и конструктивных решений при проектировании школьной формы.

Ключевые слова: школьная форма, школьный возраст, поведенческие характеристики школьников, подростковый возраст, имидж, индивидуальный стиль.

A.Sh. Amangeldiyeva¹, L.S. Turgynbekovna¹

¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF FACTORS INFLUENCING THE CHOICE OF SCHOOL UNIFORMS BY MIDDLE SCHOOL GIRLS AND EVALUATION OF MATERIAL SAMPLE PROPERTIES

Abstract. This paper examines the key factors influencing the development of initial design requirements for school uniforms intended for middle school girls. The main reasons for dissatisfaction with the quality of school uniforms produced by enterprises in

Kazakhstan include non-compliance with hygienic and ergonomic requirements, as well as the limited opportunities for self-expression and participation of middle school girls in shaping the individual style of school uniforms. Middle school age represents a transitional period from childhood to adolescence, characterized by profound physiological changes and transformations in personal and social values, which is clearly reflected in girls' desire to create their own image. Accordingly, the aesthetic, functional, and image-related requirements of adolescent girls for school uniforms were identified through an online survey. Based on the survey results, the style, color scheme, and composition of school uniforms were systematized. In addition, organoleptic, microscopic, and physical-mechanical properties of fabric samples for school uniforms available on the market of the Republic of Kazakhstan were investigated. The obtained results provide a scientific basis for selecting materials and structural solutions in the design of school uniforms.

Keywords: school uniform, school age, behavioral characteristics of schoolchildren, adolescence, image, individual style.

References

1. Aikyan D.A., Guseva M.A. Issledovanie rynka tematicheskoy shkol'noy formy [Research on the Market of Thematic School Uniforms] // Innovative Science. – 2015. – No. 10. – P. 240-241. [in Russian].
2. Kayasheva, O.G. Razvitie lichnostnoy refleksii v podrostkovom i yunosheskom vozraste [Development of Personal Reflection in Adolescence and Youth]: Abstract of PhD dissertation (Psychology): 19.00.01. – Moscow, 2006. – 30 p.
3. Yusupova, Zh.A. Razrabotka iskhodnoy informatsii dlya formirovaniya ratsional'nogo garderoba i assortimenta detskoй odezhdy dlya shkol'nikov [Development of Initial Data for Forming a Rational Wardrobe and Assortment of Children's Clothing for Schoolchildren]: Abstract of PhD dissertation (Engineering). – Moscow, 2001. – 27 p.
4. Matsievskaya, Yu.A. Razrabotka metoda ergonomicheskogo proektirovaniya shkol'noy odezhdy [Development of an Ergonomic Design Method for School Clothing]: Abstract of PhD dissertation (Engineering): 05.19.04. – Moscow, 2007. – 24 p.
5. Ushakova, L.D. Razrabotka printsiptov khudozhestvennogo proektirovaniya shkol'noy formennoy odezhdy [Development of Principles of Artistic Design of School Uniform Clothing]: Abstract of PhD dissertation (Engineering): 05.19.04. – Moscow, 2007. – 27 p.
6. Sukontseva, N.Yu. Issledovanie i razrabotka tekhnologii kompleksnogo proektirovaniya odezhdy dlya shkol'nikov [Research and Development of Integrated Clothing Design Technology for Schoolchildren]: PhD dissertation (Engineering). – Moscow, 2003. – 145 p.
7. Fashion Clothing for Teenagers 2025: Trends, Looks, and Styles [Electronic resource]. – Access mode: https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=modnaya-odezhda-dlya-podrostkov-thisyear-moda-luki-i-obrazy.
8. Survey on the Study of School Uniforms for Middle-School Girls. Electronic resource [Electronic resource]. – Access mode: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdSOfk4WXetcl4A_d6UcSzp0wyac7Qv4IyIKFHjic_HAYNOzw/viewform?usp=header.